



ЖЕТПЕГЕНІ ОСЫ ЕДІ?!

АРҚАДАҒЫ

Сексен күміс келді омырауына сексен моншақ етіп таққан Көкшетау мен сулы, нулы Қорғалжын жұрты сүйсініп ішер таза су таппай, сілесі құрып отыр десе кім сенеді? Өкінішке қарай, қазір жағдай солай болып тұр. Ел шетінде, басшы атаулының бақайы тимейтін, мойыны алыс та жер емес. Облыс орталығының дәл іргесінде – 15 шақырым жердегі Березняковка ауылы тұрғындарының таңдайы кепкелі аттай отыз жыл! Бұл туралы Jas qazaq ұлттық басылымында бұрнағы жылы добыл қағып, село тұрғындарының жанайқайын шырылдап айтқан болатынбыз. Әу деген ешкім жоқ. Облыстық мәслихат депутаты Нәртай Ысқақов та Зеренді ауданының әкіміне, облыстың сала басшыларына депутаттық сауал жолдады. Нәтиже жоқ. Түңілген тұрғындар ауыз суды тасымалдап ішіп отыр.

— Облыс тұрғындарының 85-90 проценті орталыктандырылған ауыз сумен камтамасыз етілген, — дейді облыстық құрылыс басқармасының басшысы Марат Әубәкіров. — Соңғы он жылда бұл көрсеткіш 10 процентке көбейді. Нәтижесінде суыз отырған елді мекендер саны 7,84 процентке азайды.

«Сапалы су», «Ақбұлақ» және «Ауылдық өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру аясында біршама ілгерілеушілік бар. Бүгінгі таңда отыз бес жоба жүзеге асырылуда. Әйткенмен, барының өзі сапасыз. Яғни ауыл тұрғындары сапасы күмәнді су ішіп отыр.

— Ауыз судың сапасы алаңдатарлық деңгейде, — дейді облыстық қоғамдық денсаулықты қорғау департаментінің басшысы Азамат Дүйсенов. — Мәселен, микробиологиялық және санитарлық-химиялық көрсеткіш республикалық көрсеткіштен көп төмен.



Фото: kfk.kz

АУЫЛДАР СУҒА ЗӘРҮ

Ауыз судың ең төменгі көрсеткіші — Жарқайын ауданында. Жаксы ауданы тұрғындарының 27,3 проценті сапасыз су ішіп отырса, Шортанды, Астрахан аудандарының тең жарымы лай су ішеді. Астрахан, Егіндікөл, Целиноград аудандарындағы жағдай да мөз емес.

Су неге сапасыз?! Біріншіден, облыстың көп жерлерінде ауыз су ашық су көздерінен тартылады. Ашық айдыннан су тартатын құбырлар мен су тазалайтын қондырғылар әбден қаусап, таттанып, өңізделіп, ескірген. Департамент басшысы Азамат Дүйсеновтің айтуынша, Көкшетау қаласы, Жаксы ауданының орталығы Жаксы селосы мен Белағаш кентіндегі, Астрахан ауданындағы Колутон стансасындағы су тазалайтын қондырғыларды шұғыл ауыстырып, шара қолдану қажет.

Басшының айтуына қарағанда, күнітүні пәленбай шаршы метр су сорған соң канша арнасы кең айдын болса да, түптің-

тереңдету жұмыстары мүлде жүргізілмейді. Бұлақ көздері бітелген. Содан барып батпақ, қорыс пайда болып, қамыс-құрақ қаулап өсіп келеді. Жаз айларында борсып, сасиды. Облыста әр жылдары су тазалайтын 47 блок-модуль орнатылған. Өкінішке қарай, осы блок-модульдердің 51 проценті 10 жылдан артық пайдаланылмаған, 8 блок-модуль істен шыққан. Оны айтасыз, Ақкөл ауданына қарасты Еңбек ауылындағы және Ерейментау ауданының Новомарковка селосындағы блок-модульдер сатып алынғаннан бері мүлде пайдаланылған емес. Блок-модульді орнатқаннан кейін бір жыл кепілдігі болу керек. Одан әрі қызмет көрсету келісімшартына сәйкес пайдаланушы кәсіпорындар қызмет етпек. Өкініштісі де сол, ондай келісімшарт та жасалмаған.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

МЫҢ ЖАРЫМНЫҢ МҰҚТАЖЫ

Елбасы биылғы Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Президент «Жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек!» – деп нақты тапсырма да берді. Алайда қыз-жігіттер арасында шешімін таппаған әлеуметтік мәселе өте көп. Мәселен, Қостанай облысында 1500 студент жатақханаға зәру. Бұл бір облыстағы жағдай. Ал 14 облыс пен облыс орталығындағы қала-қалашықтар еселесеніз, жатақханаға, басқа да әлеуметтік қолдауға зәру жастар санын нақты айтып бере алмай қаласыз.

Мемлекет тарапынан жыл сайын алуан түрлі бағдарлама жасалады. Бірақ соның біразының жастар мәселесін шешпеуі, шынымен көңілге күдік ұялатады. Айтпақшы, Қостанайда 2022 жылға дейін 6 жатақхана салу жоспарланыпты. «Хабар 24» хабарлағандай, құрылысқа инвестор қаражатын тарту көзделген көрінеді. Себебі мамандар бұл әдістің тиімділігі зор екенін айтады. Егер жатақхана жеке кәсіпкер есебінен тұрғызылса, онда 8 жыл ішінде оған бір миллиард теңге қайтарылады. Ал осы мерзімде ғимаратты қайта қалпына келтірсе, оның 500 миллион теңгедей шығыны өтеледі.

Қазір Тобыл өңірінде бір университет жатақханасын қаржыландыру мәселесі шешілген. Үш колледжге қатысты жобалық-сметалық құжат әзірленіп жатқан көрінеді. Студент жатақханалары орталығының департамент менеджері Алпамыс Сатыбалдиннің айтуынша, екі облыс студенттер жатақханасын жергілікті бюджет есебінен тұрғызады. Бизнес өкілдері мен әкімдік өкілдеріне осы тәсілдің артықшылықтары түсіндірілгелі жатыр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Бұдан былай көшедегі кезбе-қайыршыларға тиын-тебен тастасаңыз, осы әрекетіңіз үшін айыппұл арқалауыңыз мүмкін? Мәжіліс депутаты Шәкір Хахазов үкімет басшысына жолдаған сауалында осындай мәселе көтерді. Ал біз мәжілісменнен қайыршыларға неге сонша шүйліккенін сұрадық.

Шәкір ХАХАЗОВ, Мәжіліс депутаты:

ҚАЙЫРШЫЛАР ДА БІРЕУДІҢ «БИЗНЕСІ»



Jas qazaq: Шәкір мырза, сіз депутаттық сауалыңызда қайыршылар мәселесін көтердіңіз. Бұл тақырып Парламент қабырғасында көтеретіндей соншалықты өзекті ме еді?

Ш.Хахазов: Әрине, өзекті тақырып. Өйткені, 2015 жылы әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске қайыршылық үшін айыппұл түріндегі жазаны көздейтін түзетулер енгізілген болатын. Жана кодекс қабылданған кезден бері төрт жылдай уақыт өтсе де, біз заңнамалық түзетудің ешкімге әсері болмағанын нақты айта аламыз. Оның үстіне, кейбір жұмсартылған талаптың арқасында қайыршылық белен алып кетті. Мәселен, Елорданың оң жағалауында ересектер мен балалар — көршілес елдерден келген көшіп-қонушылар да, еліміздің азаматтары да қайыр сұрап жүреді. Мүгедектер арбасындағы адамдарды «қайыр сұрау нүктелеріне» әкеліп, «жұмыс істеуге», «ақша табуға» отырғызып қоятын адамдар бар. Оларды күнде кешке қарай сол адамдары тапқан ақшасымен бірге алып кетеді. Олар — қайыр сұрау арқылы «бизнес» жасап жүрген топ. Құқық қорғау мекемелері мұндай деректердің жолын кесуі тиіс.

Қаланың шеті, базар, вокзал, мешіт пен шіркеудің жанында қайыршылықпен күнелтіп жүргендердің әлеуметтік қолдайсыздығы — олардың күн көруге деген жанкешті талпынысын көрсетеді. Ал Астананың әкімшілік орталығы, яғни сол жағалауда тұрғылықты жері жоқ адамдар құрылысы аяқталмаған тұрғын үй кешендерін баспана етіп, аула мен балалар алаңын кезіп жүреді. Олардың көбі маскүнемдер мен нашакорлар, емделмейтін әртүрлі жұқпалы ауру тасымалдаушылар. Қазір суық түскеннен бері қанғыбастар баспана іздеп, тұрғын үйдің кіреберісіне, жертеле мен жылу локтеріне қоныстана бастады.

Jas qazaq: Сіз бұл мәселені шешудің қандай оңтайлы жолын көрсетер едіңіз?

Ш.Хахазов: Айыппұл сияқты жазалау шарасы бапанасыздар мен қайыршыларды азайтпайтынын дәлелдеп отыр. Оның үстіне, қайыр сұрап жүрген адамға айыппұлды қалай салуға болады? Үкіметке аталған көкейкесті сауалды шешу бойынша анағұрлым ақылға қонымды шара әзірлеу қажет.

Қайыршылар жалқаулық, масылдық көзқарас, қоғамның белсенді мүшесі болуға деген ынтаның болмауы салдарынан осындай күйге түскен. Сондықтан, жүрегі жұмсақ, қайырымды азаматтар оларға садака беріп, үлкен қателік жасайды. Бұл арамтамалықты одан сайын өршітетін жағдай. Біздің берген садакамыз оларды тура жолдан тайдырады. Еңбек етуге деген талпынысын жояды. Бұл түйткілді шешу үшін шетелдердің тәжірибесін алған жөн. Ол жакта қайыршыларға емес, оларға садака беретіндерге айыппұл салынады.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ÁLEM ÁDEBIETI

Мо ИЭН,
Қытай жазушысы, Нобель сыйлығының иегері

ҮЙРЕК БАҒУШЫ



Қайсыбір күні көрші жақтан үйрек баққан қыз көрінді. Өңі үйрек жұмыртқасына ұқсайтын бойжеткеннің көзі қарақаттай екен. Балықшылар өнін сызылта салғанда, су бетіне жақұт моншақтар төгіліп тұрғандай болды.

Екі топ үйрек үйірі жақын келіп, жанаса берген тұста, қайық үстіндегі қыз тіл қатты.

(Бұл туралы 6-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
55,11

DOLLAR
372,49

EURO
424,15

РУБЛЬ
5,54

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қарызымды қайтармасаң...

(Жалғасы 2-бетте)

ҮКІМЕТ

Күні кеше Мәжіліс депутаттары «Еуразия экономикалық одақта тауарды сәйкестендіру құралымен таңбалау туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын мақұлдады. Құжатты қаржы министрі Әлихан Смайылов таныстырды. Оның айтуынша, аталған келісімге биылғы ақпан айында Алматыда өткен Еуразия үкіметаралық кеңестің отырысы шеңберінде ЕурАзЭО елдерінің премьер-министрлері қол қойған. Алайда жұртшылықты «Еуразия экономикалық одағы шеңберінде тауарды таңбалауға қажеттілік неден туындады? Ол одақ ішіндегі сауда айналымына кері әсерін тигізбей ме?» деген сауал мазалары анық. Осы орайда аталған мәселені Әлихан Асханұлымен бізге жан-жақты түсіндіріп берді.

тері бұйымдары бойынша пилоттық жобаны іске асыруда. Келесі жылдың басында осы бастаманың нәтижесі экономикалық одақтың кеңесінде каралады. Содан соң осы тауарды таңбалаудың қажеттігі бар ма, жоқ



құрайды. Демек, өнімнің құны 3 тенгеге қымбаттауы мүмкін», — деп түсіндірді.

Таңбалауға негізінен өнім өндіруші кәсіпкердің өзі жауапты. Егер ірі кәсіпорын болса, арнайы принтер сатып алуға болады. Оның құны — 400 мың тенгедей. Сәл ғана шығын болғанымен, нарықта сапалы тауарға сұраныстың артуымен бірге, тауар өндірушінің өнімі де көбірек сатылады. Себебі «көлеңкелі экономика» жойылып, сапасыз тауардың жолы кесіледі. Осындай есеппен, тіпті штрих кодқа кеткен 3 тенгені қоспай, бағаны көтермеуге де болады. Ал кішігірім шағын бизнес өкілдері таңбалау үшін арнайы принтер сатып алмай-ақ, этикеттеу орталығының қызметіне пайдалануына да болады.

Егер таңбалаудың тәртібін орындамаған жағдайда тауар өндірушілер жауапқа тартыла ма деген сауалға келсек, егер тауар өндіруші өз өнімін Еуразия экономикалық одақ аясында саудаға шығарса, ол әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл жаза 2020 жылдан кейін ғана күшіне енеді. Тағы бір айта кетерім, одақ аумағында жеке тауар топтамасына таңбалау енгізу туралы ортақ шешім қабылданған жағдайда, бастамашы мемлекет өзінің заңнамасына сүйене отырып, таңбалау енгізуге хакысы бар. Кейбір жағдайларда тауар таңбалауға жатпайды. Мысалы, өндірілген тауарды Келендік одақ аумағынан сыртқа шығарған жағдайда және жеке тұлғаның өз қажеттілігі үшін әкелген тауарды таңбалаудың қажеті жоқ. Бұған қоса, аталған келісімді іске асыру республикалық бюджеттен қаржы қажет етпейді.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Әлеумет.t⁰



Халық ішінде «акша қолдың кірі» деген қағытпа сөз жиі естіледі. Бұл жеке адамдардың арасында айтыла беретін әңгіме екені даусыз. Ал мемлекет үшін бір тиынның өзі үлкен рөл атқарады. Әсіресе жыл соңына қарай кейбір мекеме жұртығын жамауға қаражат таппай қалады. Енді бірі қолда бардың қадіріне жете алмай, бар ақшаны ұқсата алмай әлекке түседі. Аймақтардағы жауапты адамдардың жоғарыдағылардан сөз естуі, сөгіс алу да осыдан шығады. Алдыңғы жағдайды қайдам, кейінгісі — жарытып жұмыс істемегеннің, жұмысқа деген жауапсыздықтың айқын көрінісі. Әйтпесе үкіметтен алынған қыруар қаражатты тиімді, ұқыпты пайдаланған әрбір басшы алғыс алып, жана жылды жақсы көңіл-күймен қарсы алар еді. Әрі тиімді жұмсалған тиын-тебен халықтың әлеуметтік жағдайын түзеуге, жалпы елдің өркендеуіне себепші болады. Өкінішке қарай...

Күні кеше қаржы министрі Әлихан Смайылов орталық және жергілікті мекемелерге

өзінде жағдай солай. Енді биыл мемлекет есебінен тұрғын үй саласындағы жеңілдіктерді пайдаланудың заңсыз дерегі анықталып жатыр. Жақында ғана Павлодарда бағасы 50 миллион тенге тұратын аумағы 230 шаршы метр пәтердің және жалпы сомасы 226 млн тенге болатын қымбат бес пәтердің сатып алынуына қатысты дау шықты. Бұл жағдайдың біреу емес екені анық, бұл тек мәселенің бір ұшы ғана», — деді.

Қолға түскен қу ақша не істетпейді? Шын мәнінде, аймақтарда осындай үйлердің, пәтерлердің шын бағасы қандай? Мұны әкім-қаралар білмейді деуге негіз жоқ. Сағат сайын жаңаланып отыратын жарнамалардан кез келген үйлердің нақты бағасын білуге болады. Соған қарамастан, үй бағасының қағаз жүзінде өзгеріп шыға келетіні жаман. Кейде бума-бума ақшаның буы шен-шекпенділердің басын қатырып, ойын өзгертіп жібереді. Ақ қағазға қалай қол қойғанын білмей қалатын басшылардың әрекеті кездейсоқ белгілі болып

ОЙЛАНУҒА – ОН ЕКІ КҮН

жыл соңына дейін, 12 жұмыс күні ішінде 800 млрд тенгеге жуық қаражатты игеріп үлгеруі туралы қажеттігін құлаққағыс жасады.

Бір қарағанда, еліміздің әр аумағында қолға алынып жатқан түрлі шаруаның қажетіне салып жіберсе, демде жұмсала кететін қаражат секілді. Алайда құмға сінген судай ізін де таппай қалатын ақшаның қалай, неге жұмсалғаны бәрінен қымбат. Ал тиын-тебеннің тағдыры түкке тұрғысыз заттарға байланып кете барса не болмақ? Мәселен, Мәжіліс депутаты Меруерт Қазбекова үкімет басшысына жолдаған сауалында шенеуніктердің асқан тәбеті мен олардың бақауатты өмір сүруге талпынысы және оның барлығына қарапайым салық төлеушілердің қаржысы жұмсалатыны туралы мәселе көтерді. Яғни аяласын тапқандар ақшаның бір бөлігін мақсатсыз жұмсайды. Бұл туралы депутат «Қазір жер-жерлердегі кішкентай басшылардың өздері, колледж бен облыстық филармония директорына дейін тамаша Жеер пен қымбат көлік сатып алады. Әкімдіктерді айтпағанның

қалмаса, жалпы ақшаның ағын судай керексіз де жерге кетіп қалатыны шындық. Мысалы, Атырау қаласының әкімдігі жиһазы бар бес бөлмелі тұрғын үйді 58 млн тенгеге сатып алыпты. Қымбат баспана Өскемен, Шымкент, Көкшетау қалаларында да бюджет қазасына алынған. Батыс Қазақстан облысындағы Ақсай қаласында аудан әкімінің зәулім үйін жөндеу үшін бюджеттен 24 млн тенге бөлінді. Осындайда қор болған қаражатқа жаның ашып кетеді.

Ақша — белгілі бір төлем құралы ғана емес. Ол — елдің байлығы. Түрлі салық түсімдерінен құралған қаржының бей-берекет жұмсауы жақсы емес. Ал жоғарыда министр ескерткен 800 млрд тенге 12 күн ішінде қалай, неге жұмсалады? Осы сұрақ әркімді мазалайтыны анық. Әрине, бізге ешкім де есеп бермесі анық. Тек қыруар қаражат елдің игілігіне жұмсалсын деп тілейік.

Жолдасбек
ДУАНАБАЙ



АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



Ерлан
САТЫБАЛДИЕВ,
кәсіпкер:



– Тауық еті, жұмыртқа, сүт өнімдерінің бағасы біраз өсті. Аптасына 10 теңгеден өседі. Өзіміз әдейі көтеріп жатқан сияқтымыз. Бірақ бұл бізге байланысты емес. Тауар өндірушілер қалай бағасын қояды, біз де солай өсіреміз.

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ,
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
министрі:



– Сұраныс жоғары болған жерде баға да өседі. Таң қалатын жағдай емес. Мысалы, жазда қонақ үйдің құны шарықтайды. Сол сияқты қыста қиярдың бағасы қымбат. Бұл – нарық. Шағын дүкені, бизнесі бар адамдардың қолындағы дүние. Оны үкімет, министр қолдан жасап отырған жоқ.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРИЯЛАРДЫҢ АЖЫРАСУ СТАТИСТИКАСЫ			
ЖЫЛ	ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР	БАРЛЫҒЫ
2013	1318	805	2123
2014	1387	896	2283
2015	1424	877	2301
2016	1462	912	2374
2017	1657	994	2651

Аптаның айтары



Эльмира СУХАНБЕРДИЕВА,
білім және ғылым вице-министрі:

Бүгін жаңа заң жобасының тұжырымдамасын бекіттік. Оған педагогтың мәртебесі мен абыройына нұсқан келтіргендерді әкімшілік жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізбекпіз. Әркім өз міндетін орындасын. Бұл заңды көп адам күтіп отыр.

Қызықстан
қызықтары

Шымкенттік полицейлер қарызын қайтармағаны үшін танысының скутерін мініп кеткен ұрыны ұстады. «Отырар арнасы» хабарлағандай, жеткіншек үйдің ауласына білдірмей кіріп, сарайда тұрған скутерді алып кеткен.

Бұл жағдайды скутердің иесі полиция қызметкерлеріне тез арада хабарлап, тәртіп сақшылары ұрыны көп ұзамай құрықтады. Ал ұрының өз уәжі бар екен. Оның айтуынша, скутер қожайыны оған 17500 тенге қарыз. Сол үшін скутерді рұқсатсыз мініп кетіпті.

Қазір аталған оқиға бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізілуде.

ҚАРЫЗЫМДЫ
ҚАЙТАРМАСАҢ,...





Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сізге тәжірибелі дәрігер, депутат ретінде ел арасында ең көп сыналатын — денсаулық саласына қатысты бір-екі сұрағымызды ала келдік. Қазіргі таңда дау тудырған мәселенің бірі — жасөспірім қыздарға жасанды түсік жасатуды ата-анасына айтпай-ақ заңдастыру... Сіз депутат қана емес, ана ретінде бұған қалай қарайсыз?

Зәуреш Аманжолова: Бұл — өте өзекті мәселе. Жаксылап талқылау керек. Медицина саласының қызметкерлері де, министрлік те осы мәселені көтеріп отыр. Себебі бұл қоғамда күрделі мәселе. Әңгіме — біздің жастарымыз, балаларымыз туралы. Олардың ертеңгі күні қалай болады?

ДӨП пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы — жасөспірім қыздарға жасанды түсік жасатуды заңдастыру. Елімізде осы тақырып төңірегінде алыпқашпа әңгіме басталды да, бірақ нүкте қойылмады. Сондықтан ел-жұртты бойжеткен қыздардың тағдыры қатты алаңдатады. «Егер ата-ананың рұқсатынсыз түсікке рұқсат берсек әрі заңдастырсақ, қыздардың келешегі қалай болады?» деген секілді сауал қоғамды толғандырып отыр. Осы секілді өзекті сауалдар төңірегінде Мәжіліс депутаты Зәуреш Аманжоловамен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы сұхбаттасты.

үшін ұялады. 5-6 адам тұрса, жанағы жерге барып, маған презерватив керек еді деп, өз ақшасына алып жатуға да қымсынады. Әрине, халқымызға тән ерекшелік те бар шығар. Ол дұрыс. Бірақ соның ішінде 14-15 жастағы бала қалай неғылады? Медпунктке барып ала ма?...

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мысалы, аяғы ауыр боп қалған қыздар суицид жасамай, қайта сол қызбен психологиялық деңгейде сөйлесу керек

ӨТЕ БІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



Сондықтан, бірден шешім қабылдау мүмкін емес. Жастардың өзінен де, аналардан да сұрау керек. Бүкіл халық мәселені жан-жақты талқылауы қажет. Содан кейін ғана шешім қабылдаған дұрыс.

Қазіргі жастардың проблемасы — бәрібір жыныстық қатынасқа ерте түседі. Қазақстандық жастар да одан сырт қалған жоқ. Бізде жыныстық қатынастардан пайда болатын инфекциялар да бар. Мектептегі балаларымыз — 14-15-16 жасқа келгендер сол инфекцияларды білуі керек. Олардан қалай сақтанған жөн? Соның бәрін білуі тиіс. Бүгінгі күні интернеттен, досының сөзіне қарап «мен мынаны бұйттім, мен мынаны сүйттім» деп емес, маман өзі қарап, көрсетіп, емін дер кезінде қабылдасын. Ауырмас үшін, адамдарды сақтандырған жөн. Сақтанудың жолдары да бар.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сақтанудың бір жолы ретінде денсаулық сақтау министрлігі ересек балаларға мүшекап тарату керек деп отыр. Бұл қалай сонда? Бұл қолдарына керектісін беріп, ал енді ары қарай шаруаларыңды тындыра беріндер деген сөз емес пе? Біз сондай ерік беріп қойған жоқпыз ба?

Зәуреш Аманжолова: Менің ойымша, бәрі адамның сана-сезіміне байланысты. Мысалы, біз кальян, темекі дейміз, оны қолдану адамның өзіне байланысты. Балалар бәрін білуі тиіс. Сол үшін мектептерге сабақ өткізу керек. Көрсету керек, қалай оны қолдану керектігін. Ол керек нәрсе. Анасы қызына сенін етеккірін келді ме, сенің есікабат болып қалуың мүмкін деп айтуы, оны қыз да түсінуі керек. Мүмкін ана түсіндіре алмайтын шығар. Бізде репродуктивтік даму мектебі бар. Ол жерде волонтерлар, дәрігерлер істейді. Мәселені класс сағатында айтқан жөн, анатомияны бәрібір өтеміз. Бірақ бізді қандай жағдайда мектептерге жібермейді?

Өткенде министрлікте дөңгелек үстел өтті. Мысалға, репродуктивтік орталықтан келіп, сондай сабақ өткіземіз десе, ол ең бірінші директордан, ата-аналар комитетінен рұқсат алғаны жөн. Себебі 1-2 мектепте дәріс өткізгеннен кейін, ата-аналар «балаларымызға қандай білім беріп жатырсындар?» деген сұрақтар қойған. Ол енді табиғи жағдай, ешкім сен енді жыныстық қатынасқа мына уақытта түс деп айтпайды ғой. Кейде ата-анасы да қыз баланың жыныстық қатынаста болып жүргенін, болмай жүргенін білмейді. Ал қазір инфекция өте көп. Оның ішінде спид те, басқа да жыныстық инфекция бар. Оны емдемесек, ол да әрбір ауру сияқты, өзінің клиникалық уақыты өтеді, сосын созылмалы дертке ұшырайды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Осы тұрғыдан келгенде, жанағыдай сақтандыру шараларын қолданған дұрыс деп ойлайсыз ба?

Зәуреш Аманжолова: Дұрыс. Білімді болуы керек, жастар. Бұл жайында білімді болуы керек...

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұндай білім беру өз алдына мәселе, бірақ оларға жанағындай нәрселерді таратып берудің өзі қалай болады?

Зәуреш Аманжолова: Енді оны талқылау керек. Класқа барып, «мә, енді мынау саған бүгін тегін берілді» деп жайып салу дұрыс емес шығар. Бізде үлкен адамдардың өздері дәріханаға барғанда, презервативті алу

шығар. Ол қыз аяғы ауыр боп қалғанын кімге айтады?

Зәуреш Аманжолова: Қыз баланың тәрбиесі анасына көбірек байланысты. Анасы бәрін айтуы керек, қандай жағдайда да анадан артық ешкім көмектесе алмайды. Екі қабаттық деген ол ертегі бойына сіңіріп кететін нәрсе емес қой, ол ертегі сыртқа шығады. Ол — көрінетін нәрсе. Сондықтан, ол білмегеннен кейін нешестүрлі әрекет жасайды. Ішін байлап тастайды, я дәрі-дәрмек ішіп, түсік жасағысы келіп, міне, сондай болмас үшін...

Біз баланы кінәлай да алмайтын шығармыз. Осындай бір жағдай болды... Біз үлкен адам ретінде, қажет болса маман ретінде, өзіміздің қол ұшмызды бергеніміз жөн. Түсіндіруіміз, жағдайды айтуымыз керек. Сол үшін кейбір мемлекеттерде, мысалы, Голландияда мектеп оқушыларының 92 пайызы сақтандыру жолын біледі. Балтық жағалауы мемлекеттерінде 80-82 пайыз, Германияда 60-62 пайызы хабардар.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сіз мысалға келтіріп отырған елдерде «түсік» деген заңмен тыйым салынған.

Зәуреш Аманжолова: Барлығында емес. **Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Мысалы, Англияда...

Зәуреш Аманжолова: Англияда иә, мүмкін. Әрбір мемлекеттің өзінің заңы бар. Бірақ сол Англияда сақтандыру жүйесі жолға қойылған.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Яғни біз ананы да, мынаны да заңдастырып қойсақ, қалай болады сонда? Түсік жасатуды заңдастырсақ және презерватив тарататын болсақ, жаман нәрсеге өзіміз жол ашып бермейміз бе? Тіпті қаттырақ айтсақ, өзіміз етек ашып беріп отырған жоқпыз ба?

Зәуреш Аманжолова: Жоқ. Мен сізге айтып отырмын, ол адамның өзінің үлкен сана-сезімінен болады... Енді класқа барып «презервативті төгіп тастаңыздар» деп мен айтып отырған жоқпын ғой. Ол қандай жағдайда қайда бара алады, оны қай жерден ала алады, қазір жастармен осы сұрақты талқылау керек. Мен жаңа айттым ғой, класс жетекшіден ала алмайды, ұят дейді. Сұрау — ұят. Жастар қазір өте ақылды, өз заманына сай. Солардан сұрау керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мысалы, жасанды түсік жасатуға ата-ана, мұғалім, қоғам болып қарсы шығайық! Осыдан қоғам ұтыла ма?

Зәуреш Аманжолова: Жамбыл облысындағы болған оқиға естеріңізде ме, мамасы нәрестесін таксиден өзі тастаған. Қандай санаға сияды, айтыңызшы? Осындай адамдар моральдық-психологиялық ауыртпалықтан өзіне үлкен кінә артып, сотталады. Қыз қатыгездік жасағанда, ол оны ойлаған жоқ. Сонда біз оны қылмыс жасауға итермелеп отырмыз.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Қылмыс жасауға итермелейік, бірақ күнә жасап қоймаймыз ба? Күнәға итермелеп отырған жоқпыз ба?

Зәуреш Аманжолова: Біз айтып отырмыз, біз түсік тастауға қарсымыз дейік. Ондай жағдайлар бар бізде, «криминалды» жасайды, астыртын жасап жатқан жерлер бар. Ол одан да үлкен күнә. Одан көп адам қайтыс болып жатыр.

— **Әңгімеңізге рахмет!**

KÓKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жетпегені осы еді?!

(Басы 1-бетте)

Коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорын басшыларының айтуына қарағанда, блок-модульдерге техникалық қызмет көрсету үшін жыл сайын 7-15 миллион теңге қажет екен.

нысандарды техникалық жағынан күтіп ұстауға қаржы қарастырылмаған. Тағы бір ойсырай олқы түскен мәселе — сумен қамтамасыз ететін нысандарда жұмыс істейтін білікті мамандар жетіспейді. Бұл нысандар стратегиялық маңызды нысандарға жатса да, 11 нысанның ғана әскерилендірілген күзеті бар. Бұл барлық көлемнің 3 проценті. Су құбырлары жүйесі уақытында тазаланбайды, дезинфекция жүргізілмейді.



АРҚАДАҒЫ АУЫЛДАР СУҒА ЗӘРУ

Санитарлық-техникалық жағдайының қанағаттанғысыздығына байланысты облыс бойынша 159 су құбыры эпидемиологиялық қаупі жоғары болып тұр.

Асылында, мұндай су құбырларын мүлде пайдалануға болмайды. 2009 жылы Степногорск қаласының іргесіндегі Қарабұлақ ауылындағы және Шортанды ауданындағы Төңкеріс стансасындағы Азия Даму банкінің қаржысы есебінен салынған су құбырлары пайдалануға берілмейді. Сөйтіп, қаншама қаржы суға ағып, батпаққа сіңіп жоқ болды. Ізіне түсіп, індетіп жатқан ешкім жоқ. «Жаны ашымастың жанында басы ауырмастың» кері. Үстіміздегі жылы Шортанды, Целиноград, Біржан сал аудандарындағы 16 нысан санитарлық-эпидемиологиялық жарамсыздығына орай, хаттама толтырылған. 2009 жылдан бері несіз тұрған 90 нысанды заңдастыру жұмысы жүргізілуде. 103 нысанды заңдастыру үрдісі аяқталған жоқ. Бір түсініксіз жері — тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне сумен қамтамасыз ететін

Тазалау жұмыстарына 300 миллион теңге қажет көрінеді. Биылғы жылы 30 миллион теңге ғана бөлінген. Сумен қамтамасыз ету нысандарын пайдаланатын кәсіпорындар ауыз судың сапасына уақытылы мониторинг жасап отыруы қажет. Бақылау жүргізілмеудің негізгі себебі — қаржының жоқтығы. Бұл жұмысқа 77,5 миллион теңге қажет болса, биыл 21,3 миллион теңге ғана бөлінген. Орны толмаған осындай олқылықтың салдарынан халық сапасы күмәнді су ішіп отыр.

Ауыз су құрамында минералды тұздың көп болуынан тұрғындардың денсаулығы жиі сыр береді. Облыс бойынша жылына 3 мың оқиға тіркеледі. Аймақтағы 30 ауыл ауыз суды сапасын ешкім тексеріп көрмеген құдықтар мен ұңғымалардан алып ішуде. Оның 8-і Астрахан, 9-ы Атбасар ауданында. Бұл мәселе жыл сайын облыс әкімдігінің отырысында қаралады. Дегенмен одан жақсарып кеткен жағдайды көре алмадық.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Оқшау ой

Тәуелсіздік мерекесі күні кеше ғана аталып өтті. Алайда жалпы жұрт Жаңа жылды тойлауға, қарсы алуға шын ықыласымен дайындалды. Қала көшелері мерекеге дайындықты әлдеқашан бастап кетіпті: жаңа жылдық плакат пен

Кіреберісте тұрған үлкен сағат қисайып қаласа, күнде кіріп-шығып жүргендер оны көре тұрып түзетпейді. Өйткені өлгі қисайған сағатқа қарауға көздері үйреніп қалған. Міне, бұл корпоративтік соқырлық деп аталады. Біздің қоғамда осындай корпоративтік соқырлық басым. Тіпті қоғамды дөңдеп алған.

Тәуелсіздіктің тойы жасыл шыршаның тасасында қала беретіні қалай? Тәуелсіздік болмаса, басқасының бәрі — түл. Соны түсінбей, жаңа жылды қарсы алуға



ШЫРШАНЫҢ «КӨЛЕҢКЕСІ»

құттықтау сөз ілініп, шырша құрылып, Ақшақар мен Аяз ата да әр көшенің бұрышында қалқайып тұр...

«Жаңа жылды қалай қарсы аламыз? Қытайдың «шаған мерекесіне» тас түйін дайындала беріндер!» — деп бастады бөлім менгерушісі алғашқы сөзін. Оқырманға түсінікті болу үшін Алматыдағы бір жоғары оқу орнының шығыстану факультетінде сабақ беретінімді қыстыра кетейін. Арамызда бір орыс, не бір қытай жоқ. Бәріміз қол-қоныр қазақпыз. Бірақ қасымдағылар қуана бас ізеп жатыр.

Асылы қазаққа, Қазақстанға тәуелсіздіктен артық мереке бар ма? Тәуелсіздік күнін мемлекет бекітті. Онда неге жаңа жылға асығамыз?

құштармыз. Бұл не? Бұл да корпоративтік соқырлық.

Енді өзіміз әңгіме еткелі отырған корпоративтік соқырлыққа нақты мысал келтірейік.

Мысалы, «Райымбек батыр данғылы» — деп, жазылып тұрған көше атын автобуста ақша жинап жүрген, ауылдан келген дипломсыз қара бала «Ташкенский» деп соғады. Аузы да, мұрны да қисаймайды. Ауылдан жаңа келгенінен ұялатын сияқты. «Ташкенский» десе, жұрт күлмейтіндей, өзін тым мәдениетті сезінеді. Әңгіменің басында айтқан жаңа жылға дайындық та осындай еліктеуден туған, ұлттық құндылықты жатсынудан пайда болған мінез. Жыл сайын жаңа жылдың тасасында қалатын егемендігіміз мәңгілік, тәуелсіздігіміз баянды болсын! Басқасы орнына келеді.

Нұрхалық ӘБДІРАҚЫН,
филолог-шығыстанушы



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Import-Export

Жуырда Transparency Kazakhstan қоғамдық қоры еліміздің сыртқы саудадағы тауар айналымына қатысты зерттеуін жария етті. Қор Еуразия экономикалық одағына (ЕАЭО) кірмейтін 10 мемлекетпен арадағы тауар айналымының 2013-2017 жылдардағы екі жақты көрсеткіштерін салыстырған. Осы зерттеу отандық статистикалық мәліметтің Азия жөне Еуропа елдері, сондай-ақ АҚШ деректерімен сәйкес келмейтінін анықтады.

Статистикалық мәліметтегі айырмашылық негізінен кара түсті металл, фармацевтикалық және химиялық өнімдер, пластмассадан жасалған бұйымдарға катысты. Тек Қытайдан әкелінген 11 тауар тобы бойынша екі жақты мәлімет алшақтығы 50 пайыздан асып түседі. Мәселен, әлеуметтік маңызы

Шын мәнінде бұл тың жаңалық емес. 2014-2015 жылдардағы Қазақстан мен Кытай арасындағы статистикалық мәліметтегі айырмашылық 9 млрд долларды құрағаны ақпарат құралдарында жарияланды. Бірақ айтылған да қалған. Оның үстіне еліміздің кеден қызметі тауарды есептеу әдістемесі, экспорт пен импортты есептеудің әр түрлі мерзімдеріне сілтейтін. Биыл соның ұшығына жететін кез келген сияқты. Өткенде Сенат депутаты Дариға Назарбаева осы мәселеге катысты вице-премьер Ерболат Досаевқа сауал жолдады. Депутаттар «Елімізге әкелінетін тауарлардың 10-45

Әлем бойынша сыбайлас жемқорлық деңгейін қадағалап отыратын қоғамдық қор мұндай сәйкессіздіктің 50 пайыздан асқанын жөн санамайды. Бұл кеден органдарындағы бопсалау және пара алу сияқты сыбайлас жемқорлық белгілеріне мензейді. Экспорт

СТАТИСТИКАДАҒЫ СӘЙКЕССІЗДІК

бар тауарлар бойынша қытай өнімдерінің импорты 90 пайызға дейін төмендегіп көрсетілген. Негізінен киім-кешек, аяқ киім, шұлық, төсекжайма, жиһаз,

пайызына ғана кеден бажы төленеді. Бұл мемлекеттік бюджетке орасан шығын келтіреді» дей келе, Досаевқа бірнеше сауалға жауап беруді өтінді. Мемлекеттік кіріс комитеті де өз тарапынан талдау жасап, нәтижесін көпшілікке ұсынды: сауда айналымындағы айырмашылық негізінен ҚХР-ға экспорт — Қазақстанға импорт бағытында. Қытай тарапының дерегінше, бізге 11,6 млрд доллардың тауары экспортталған. Ал біздің дерек бойынша 4,7 млрд доллардың тауары импортталған. Айырмашылық 7 млрд тенгеге жетіп жығылады. Екі елдің арасындағы экспорт-импорт көрсеткішін салыстырғанда, бес түрлі тауар тобына катысты статистикалық сәйкессіздік анықталды. Оларды импорттайтын 53 қатысушы белгілі болды. Алдағы уақытта мемлекеттік кіріс органдары еліміздің кеден заңнамасын бұзушыларға катысты талдау жасайды. Қандай да бір заң бұзушылық анықталса, кінәлілер жауапқа тартылады. Мемлекеттік бюджетке төлеуі тиіс салықтан ешкім қашып құтыла алмайды.

Гүлнар АХМЕТОВА



көлемін азайтып көрсету салық пен тарифтерді төлемеу, сондай-ақ контрафакт тауарларды өткізу мақсатында жүзеге асырылады.

ойыншық, жеміс-көкөніс, көлік құралдары. Импорт тауардың 10-45 пайызына ғана кедендік баж төленіп келген.

Сөз-Жебе

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ,
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ:

«Бұл мәселені Ресейдің ұлттық төлем одағы талқылап жатыр. Олардың бірқатар ұсынысы бар. Бірақ бұл Ресей тарапының ресми ұсынысы емес. Бұны біздің көз келген ұйым, мысалы, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы ұсынды дегенмен бірдей. Біз бұл ұсынысты қолдамаймыз. Менің саяси, мемлекеттік тұлға ретіндегі пікірім мынадай. Ұлттық валюта – біздің елтаңба, әнұран сияқты тәуелсіздігіміздің нышаны. Соңдықтан, біз оны қорғап, дамытып, сақтауымыз керек. Қандай да бір квази, проксивалюталарға жол бермеуіміз қажет».



Пилоттық жоба шеңберінде жеке тұрғын үй салу

Жалпы аумағы **297,6** мың шаршы метр болатын **2200** тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатыр



2018-2019 жылдары 11 облыста **274,5** мың шаршы метрлік 2016 үйдің құрылысын аяқтау жоспарланған

PrimeMinister.kz

Жаңа нысан

Жыл соңында жақсы жаңалық. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ магистралінде жоғары технологиялық «Түркістан» газ компрессорлық стансасы іске қосылды. Оның ашылуына арналған салтанатты рәсімге Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры Валентин Хван қатысты.

«Түркістан» — биылғы жылы іске қосылған үшінші станса. Ендігі кезде еліміздің оңтүстік өңірін тұрақты түрде «көгілдір отынмен» камтып, Қытайға отандық газ экспортын көбейтуге мүмкіндік бар. Өйткені «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ желісін жылдық қуаты 15 млрд текше метрге ұлғайды. Компрессорлық станса құрылысында пайдаланылған инновациялық құрал-жабдық,

ОҢТҮСТІК ӨҢІР ГАЗДАН ТАРЫҚПАЙДЫ

сондай-ақ қосалқы жүйелер кешені қауіпсіз әрі үздіксіз газ тасымалын қамтамасыз ете алады. Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев былай делі:

— Газ инфрақұрылымындағы жаңа нысанның жұмысы аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін маңызды. Түркістан облысы жылына 3 млрд текше метр газ тұтынады. Инновациялық нысанның арқасында көгілдір отынмен тұрақты түрде жабдықтауға қол жеткіземіз. Сонымен бірге жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындары ашылды.

Әйгерім ТЕМІРҒАЛИЕВА



Баға өзгермейді!

бастап 18,32 тенгеден 18,52 тенгеге көтеруді сұрап отыр.

Кесімді сөз



Бауыржан КАЙЫРБЕК, Алматы қаласы бойынша табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау департаменті басшысының орынбасары:

«Жаңа жылдан кейін электр қуатының бағасы өспейді. Біз «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің бүкіл жобасы мен келісімшартын қарап, тексереміз»

Жағымды жаңалық

Астанада Нұрсұлтан Назарбаев әуежайында орналасқан «Эйр Астана» әуе компаниясының авиациялық-техникалық орталығында Embraer 190-E2 ұшағының таныстырылымы өтті. Тәуелсіздікке тамаша тарту болған салтанатты рәсімге әуе басшылығы, акционерлер және басқа да лауазымды қызметкерлер қатысты.

Бразилиядан лизинг бойынша сатып алынған жолаушылар ұшағы ТМД аумағында алғашқы болып, елімізге табан тіреді. Оның өзге темір қанатты тұлпарлардан бірқатар артықшылығы бар екен. Айталық жанар-жағармайды үнемдеуге шебер. Ал дыбысының баяулығы жолаушылардың да, әуежай маңындағы жұрттың да мазасын алмайды. Бұл — бірінші жаңалық. Екіншісі — әрі ең басты деуге келетін жаңалық — ұшақтың тұмсығы Қызыл кітапқа еніп, бүгінде мемлекет қорғауына алынған қар барысының тұмсығынан аумайды. Бразилия ұшақ зауытында қазақстандық мамандардың тапсырысы аса бір шеберлікпен орындалғаны бірден байқалады. Осы туралы түсірілген деректі фильмді жиынға қатысушы қонақтар қызыға әрі сүйсіне тамашалады. Қазақстанмен қатар Ресей қалаларына, Орталық Азия елдеріне, Кавказ бен Қытайға сапарлайтын ұшақ алғашқы рейсін Алматы — Астана бағытында бастап кетті. Айтпақшы, келер жылы Бразилиядан осындай төрт ұшақ сатып алынады.

Елімізде 2011 жылдан бері қолданыстағы Embraer 190-E2 жана ұшақтары бұған

дейінгі Embraer 190 үлгісіндегі қанаттастарын алмастырады. Өйткені жана темір тұлпарлар әлем бойынша экономикалық жағынан өте тиімді, техникалық мінездемесінің артықшылығы көп, дыбысы құлақ тұндырмайды.

Барлық елдердің ұшақтарының сырты өзіндік белгілермен ерекшеленетінін ескерсек, мұндай жаңалықтан «Эйр Астана» әуе компаниясы да құралақан емес. Бұл жолы қар барысымен қатарластарын шаң қаптырғаны анық. Әуе кемесінің тұмсығы сұсты да айбарлы қар барысы кейпінде бейнеленген. Барыс казак халқы үшін қасиетті ан. Көзге түсе бермейтін киелі хайуан еліміздің өркендеуінің, тұрақтылығының, алар асуының биік шыңына айналған. Осылайша тау тағысы енді көкте де көзге түсетін болады.

Бәрінен де қызығы, елімізде қар барысын қорғауға атсалысып жүрген Қазақстан зоологтары қауымдастығына әуе компаниясы тарапынан 10 мың доллардың сертификаты тапсырылды. Бұл қаражат адам көзіне іліге бермейтін барысты сақтауға, қорғауға,



көбейтуге, насихаттауға жұмсалады. Туған табиғатымызды сан ғасырлар бойы мекен еткен қар барысының Қазақстанда ғана емес, әлемде жоғалып кетпеуі үшін жұртшылық назарын өзіне аударудың бір үлгісі осы. Қоршаған ортаға құрметтің бір көрінісі «Эйр Астана» арқылы насихатталды.

Е2 — бразилиялық өндіруші зауыттың мақтанышы. Сол жақтан казак жеріне табан тіреген әуе кемесі екі қозғалтқышпен жабдықталған тар фюзеляжды реактивті ұшағына жатады.Қысқа және орта қашықтықта ұшуға арналған. Ұшу қашықтығы — 5300 шақырым. Бұл көрсеткіш E190 ұшағына қарағанда 1000 шақырымға артық. Жана модельдің аэродинамикасы жақсарған,

фюзеляжы мен қанаттары өзгерген және АҚШ-та өндірілетін PW GTF қозғалтқыштарымен жабдықталған. Тағы бір ерекшелігі — экологияға зиян келтірмейді. «Эйр Астана» АҚ президенті Питер Фостер салтанатты жиында: «Біздің компаниямыз тұңғыш рет Embraer 190-E2 ұшағын сатып алғанына қуаныштымыз. Оны тез арада іске қосып, ұшқыштарымыздың рөлге отыруын тағатсыздана күтеміз. Embraer әуе кемелерімен жақсы таныспыз және жана буын ұшақтарының үнемділігін, қоршаған ортаға оң ықпалын тігізетінін жақсы білеміз. Сонымен қатар жолаушыларға жайылық сыйлайтынын айтқым келеді», — делі.

Қазақстандықтардың қуанышын бөліскен Embraer Commercial Aviation президенті Джон Слеттери: «Эйр Астанамен» жұмыс істеу үлкен құрмет екенін жеткізді. Ол: «Біздің өніміміз қазақстандық әуе компанияның дамуына үлес қосып жатқаны қуантады. Embraer 190-E2 ұшағын таңдау — біздің брендiмізге деген сенімнің белгісі деп есептейміз», — делі.

Елімізде әуе қатынасының көшбасшысы болып отырған «Эйр Астана» компаниясы 2002 жылдан бері алпыстан астам халықаралық және ішкі бағыттарда қызмет көрсетеді. Компания әуефлоты Embraer ұшағынан басқа Airbus пен Boeing әуе кемелерінен жасақталған.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ,
Алматы-Астана

БАРЫС БЕЙНЕЛІ ҰШАҚ

фюзеляжы мен қанаттары өзгерген және АҚШ-та өндірілетін PW GTF қозғалтқыштарымен жабдықталған. Тағы бір ерекшелігі — экологияға зиян келтірмейді. «Эйр Астана» АҚ президенті Питер Фостер салтанатты жиында: «Біздің компаниямыз тұңғыш рет Embraer 190-E2 ұшағын сатып алғанына қуаныштымыз. Оны тез арада іске қосып, ұшқыштарымыздың рөлге отыруын тағатсыздана күтеміз. Embraer әуе кемелерімен жақсы таныспыз және жана буын ұшақтарының үнемділігін, қоршаған ортаға оң ықпалын тігізетінін жақсы білеміз. Сонымен қатар жолаушыларға жайылық сыйлайтынын айтқым келеді», — делі.

Exclusive

Сәләфилік теріс ағымға ілескен, діни сауаты төмен, соқыр сенімге беріліп, өзінің қателігін ақиқат ретінде қабылдаған қазақтың ұл-қыздары соңғы жылдары «Халифат жолына шықтық» немесе «Шахид болып, жәннатқа кіреміз» деп, Ирак пен Сирияға «жиһадқа» кеткені белгілі. Олар отты аймақтарға өздерімен бірге балаларын да ертіп әкетті. ҰҚК мәліметі бойынша, бүгінде Сирия мен Иракта 900 қазақстандық жүр. Оның 500-і – балалар.

Олардың арттарында аңырап ата-аналары қалды. Сирияда, өздері ойлағандай, ешқандай «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» өмірдің жоқтығын көрген «жиһадшылардың» алды «әупірімдеп» елге орала бастады. Бір кезде сатып кеткен отанымен жылап көрісердей болып, Қазақстанның билігінен елге әкетуін сұрап жатыр. Олар қоршаудағы қалаларда жандарын шүберекке түйіп, күн кешуде немесе әйелдер лагерінде қамауда отыр. Жауған оқ пен үздіксіз түскен бомбаның астында елге қайтар жұлдызды сәтін күтіп қаншама қазақ әйелінің отырғаны белгісіз.

Ал елде қалған аналардың жай-күйін айтсаңызшы! Ішкені ірің, жегені желім болған аналар құзырлы органдардың табалдырығын тоздырып, балаларын қалайда елге әкелудің қамында жүр. Батыс Қазақстан облысында балалары Сирияға кеткен 13 ата-ана бар. Солардың бірі – оралдық Әсел Арыстанова. Лунара дегенде анасы Әселдің шығарда жаны бөлек еді. Ал қазір...

«ЖАЛҒЫЗЫМ ЕДІ ЛУНАРА!»

Әсел Кәкімқызының жалғызы Лунара 1984 жылы дүниеге келген. Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін бітіреді. Бірақ Лунара мамандығы бойынша қызмет істемепті. Анасы «Студент кезінде намаз оқи бастады, ол кезде Сирияға кету деген пәле жоқ еді. Ел іші тыныш болатын. «Қыз бала ғой, дұрыс жолда жүрер деп намаз оқуға рұқсат бердім», — дейді.

Лунара 2004 жылы 1974 жылы туған Бейбіт Рысқалиев деген Орал қаласының жігітіне тұрмысқа шығыпты. Әсел Кәкімқызы «Күйеу

Соңғы екі жылда СИРИЯДАН ЕЛІМІЗГЕ 39 отбасы оралды

Дереккөзі: СИМ

балам сол кезде сақал койған, балағын кескен жігіт болды. Үйленген соң қолымда 5 жыл бірге тұрды. Өмірге Хамза, Хасан деген екі бала келді. Кешікпей екеуінің арасында кикілжің пайда бола бастады», — дейді.

Бейбіттің әке-шешесінің үйіне барып тұрған ерлі-зайыптылардың ақыры дәм-тұзы жараспапты. Әңгімесін сабақтаған Әсел ханым:

— Қызым бір күні: «Мама, мен ажырасамын. Балаларды алып, Алматыға барып қыдырып келейін. Сол жақтан тауар әкелемін» — деді. Ойымда түк жоқ, ақша беріп, құдамның үйінен қызымды екі ұлымен Алматыға шығарып салдым. Бейбіт Оралда қалды. Бұл 2014 жылдың мамыр айы еді. Бір күні қызым «Мен Түркиядамын» деп телефон шалды. Не істерімді білмей қалдым...

Арада бірнеше ай өткенде, бір күні танғы сағат 5-те күйеу балам телефон шалды. Ол да Түркияда екен. Лунараның телефон нөмірін сұрады. Екеуі қайда кездесті? Сирияда ма, Түркияда ма? Ол жағын мен анық білмеймін. Әйтеуір, ажырасқандары анық...

Лунара 2014 жылы күзде Түркиядан Сирияға кетіпті. «Халифатқа кеттік» деп хабарлама жіберді. Сүлеймен деген башқұрт жігітіне тұрмысқа шығыпты. Үш ұйықтасам бұлай болады деп ойлаған жокпын...

ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН ҚАРАКӨЗ

— Қызым дауысты хабарламамен 2017 жылдың 5 қыркүйек күні соңғы рет хабарласты. 14 қыркүйекте үлкен жиенім Хамза байланысқа шықты. Өте көңілсіз...



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«Әже, біз елге қайта алмаймыз» дей берді. «Сен келсейші бізге, бізге сен керексін, баска ештеңе де керек емес» — деді. Содан кейін байланыс үзіліп кетті, — дейді ана.

Сириядағы әйелдердің елдегі туысын тауып, қызын іздеген Әсел Кәкімқызы от пен октын ортасындағы қазақтардан жеткен жайсыз хабарды естиді.

«Сіздің балаларыңыз тұрған үйге бомба түсіп, жермен-жексен етіпті. Қызыңыз бен үлкен немереніз қабырғаның арасында қалып қойыпты. Балаларыңыз жоқ» деп көңіл айтты маған. Сенбедім... Қараша айында башқұрт күйеу балам хабарласып

Түркияға барған соң Айдана Көкшетаудың жігіті Осман деген казакқа тұрмысқа шығады. Одан туған ұлының есімін Усама деп қойған...

2016 жылы Түркиядан Сирияға жиһадқа кеткен Айдана бүгінде күйеуінен ажырасып, дағыстандық жиһадшыға тұрмысқа шыққан. Қоршаудағы Әс Суса қаласында тұрады. Қараша айында төртінші баласын босанғалы отырған Айдана Көкшетаудан жиһадқа кетіп, Ауған-Пәкістан шекарасында қайтыс болған ерлі-зайыптының екі баласын асырап алыпты. Ол екі баланы туыстары елге қайтару қамында жүргені туралы телеарналар хабар таратты.



ТІРІ МЕ ЕКЕН ЛУНАРА?!

«Қызыңыз бен балалар жоқ, бір апта іздедім, таба алмадым» деп ватсапқа жазды.


Әсел Кәкімқызы 2018 жылы екінші жиені Хасанның тірі екенін біліпті. Сириядағы бір ресейлік отбасы бағып отыр екен. Биыл оразаның соңында сөйлескен Хасан «Әже, жаксымын, су, тамақ бар» депті. Бірақ 24 маусымнан бері Хасан да, оны бағып отырған әйел де хабарсыз көрінеді.

— Қызым мен жиендерім қаза болды дегенге сенбеймін. Жүрегім сенбейді. Олар тірі! — дейді көз жасын әрең тыйған ана. Хасанға «Маманның туған күні ғой, маманның бетінен сүй!» деп жазып жіберіпті. Бірақ ол хабарлама әлі



АДАСҚАННЫҢ АЙЫБЫ БАР

Туған қызынан бейбіт күнде айырылып қалған ана «Үйде жүргенде намаз оқыса да, малынып киінген жоқ еді. Күйеуге шыққан соң қара киім жамылып,



бетін жауып тастады. Күйеу балам о бастан-ақ балағын кесіп, сақал қойған жігіт болды. «Сестра», «брат» деп сөйледі екеуі де. Ата-енесінен бөлек тұрды. Қалай адасты, кім адастырды қызымды?», — дейді көз жасына ие бола алмай.

Күні кеше Сауд Арабиясындағы құқық қорғау органдары «Мұсылмандар арасында діни алауыздық тудырды, заңсыз уағыз жүргізді» деген айыппен Ділмұрат Махаматов пен Назратулла Әбу Мариямды қамауға алғаны туралы хабар тарады. Аталған азаматтардың сәләфизм идеологиясын елімізде қарқынды түрде насихаттап, жастарды адастырып жүргені туралы дін мамандары мен құқық қорғау органдары мәлімдеме жасады.

Сондай-ақ 2000 жылдың басында батыс өңірінде болған «Шейх Халел» де өткен жылы елге экстрадицияланып, Орал қаласында 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Аталған адамдардың интернетте әлеуметтік желілер арқылы діни теріс уағыз айтып, қазақ жастарын ата-баба жолынан тайдырып, санасын жат ағыммен улағаны айтылып та, жазылып та жүр. Оның айқын дәлелі — жалған халифатқа алданып барып, Сирияда ажал құшқан казактың жігіттері мен елге қайта алмай, жат жерде аш-жалаңаш қанғып жүрген қазақ қыздарының бүгінгі тағдыры.

Айна бүгінде қызымен ватсап арқылы хабарласып тұрады. «Қоршаудағы қалаға бомбаның даусы анық естіліп тұрады» — депті қызы. «Түнде не болар екенбіз? Жаралы болып қалмасак екен деп жатамын түнде» деп жазады анасына.

Олар адасты. Қазақ халқының арасына жік салып, мемлекетіміздің, казактың тұтастығын бұзуды көксеген сәләфилік ағымға ерушілер болды. Неше ғасыр бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздан безіп, дәстүрлі Ханафи мәзхабын мойындамады. Намаз оқымаған адамды «кәпір» деді. Ата-анасының қолынан «харам» деп тамақ жемеді. Енді жат жерде, исламның исі сезілмейтін қырғын соғыс, төгілген қан, талап-тапау,

атып-асу, жәбірлеу-қорлау салтанат құрған елге тұтқын болып, санын соғып қалды. Қаншама күнәсіз бала балалық шағынан айырылды. От пен октын ортасындағы үрейлі балалық шақтан не қайыр?

Соңғы жылдары үкімет пен құзырлы орган отты аймақтардағы қазақтарды елге қайтару жұмысын қолға алған. Сыртқы істер министрінің орынбасары Мұхтар Тілеубердінің айтуынша, Иордания мен Ливандағы Қазақстан елшілігі Қазақстан азаматтарын іздеумен айналысып жатыр. Отты аймақтарда күні бүгін 250 әйел мен 125 ер адам бар. Жалпы Сирия мен Ирактағы қарулы қактығыс басталғалы елге 90 бала мен 120 «жиһадшы» оралған. Оның 45-і әйелдерімен келді. Бұл балаларынан тірідей айырылған ата-аналардың көңіліне үміт ұялатып отыр. Олар балалары мен немерелерімен кездесер күнді асыға күтуде.

P.S.

20 қазанда АҚШ бастаған халықаралық коалицияның әуе соккысынан Әс Суса және Әл Бубадран деревняларында 62 бейбіт тұрғын мерт болды. Бұл туралы РИА ақпарат агенттігі хабарлады. Олардың арасында балалар да бар. Құлаған үйдің астында қалған адамның саны белгісіз. Сол күні Айдана анасына хабарлама жіберіп, аман екендігін білдіріпті.

Міне, Сириядағы жағдай осы. Аласудың алды — жұмбақ, арты — соқпақ. Бүкіл әлем алаңдап отырған террорлық әрекетке құрылған жалған халифаттың осындай ащы шындығынан елдегі қазақ жастары сабақ алса, қонө?! Ал біз суреттегі жандарға: Лунара Арыстанова мен оның балапандары — Хамза мен Хасанға іздеу саламыз! Олардың соңғы тұрған қаласы — Сирияның Әл Маядин қаласы болған.

Сирия

Ұлдай САРИЕВА,
Орал қаласы

Әдетте Қытайды 5 мың жылдық тарихы бар ұлы империя деп жатамыз. Тіпті қытайтанушылар шығыстағы көршіміздің әлеуметтік жағдайын, экономикалық, саяси әлеуетін тамсана айтады. Ал руханияты, әдебиеті қай деңгейде? Осыдан 3 жыл бұрын, яғни 2015 жылы Қытай жазушысы Мо Иән Нобель сыйлығын алды. Бұл сыйлық 2000 жылы тұңғыш рет қытай қаламгері Гау Шиньжианға берілген еді. Бүгін біз қаламгердің «Үйрек бағушы» әңгімесін жариялағанды жөн көрдік. Қытайда бір шоғыр қаламгер әйелдер де бар. Солардың бірі – Тан Шау Ляң, эссе жанрының жүйрігі. Оның «Қала мен қасірет» әңгімесін де оқып көріңіз.

Мо ИӘН,
*Қытай жазушысы,
Нобель сыйлығының иегері*



Чиңсау көлінде балық пен шаян жыртылып-айырылады, жалбыз-шөбі де қақала өскен. Бұл құрақты көлдің жағасындағы ел ежелден үйрек бағуды кәсіп еткен. Мұнда өндірілетін үйрек жұмыртқалары үлкен әрі көп, аймақ аумағының жартысына аты мәлім. Ана бір жылдары, «капитализмнің құйрығын кесу»* салдарынан, көлдегі үйректің көзі құрыған. Бертіңгі кезде саясат жақсарды, көл бетінде үйір-үйір үйректер ақша бұлттай қалқып жүретін болды.

Ли Лаужуан – кәсіби үйрек бағушы. Күн сайын кішкене қайығына мініп, үйректерін қуып жүргені. Көл маңына ірге тепкен он сегіз кенттің әрбірінің өз үйрек бағушысы бар. Арасында шал да, қыз да кездеседі. Олар үнемі көл бетінде жүздесіп жүріп, бір-бірімен етене таныс болып кеткен.

Көктем келе, көл бойындағы жасыл талдар өркен жайып, шабдалы ағашы гүл ашады, өрік гүлдері жупар шашады. Су ішіндегі жалбыздар қайта көктеп, үйрекшілер құстарын тағы айдыңға жібереді.

Сол жолы су бетіне тұңғық** жапырақтарының үп-үшкір ұшы қылтиып, көл суы жасыл жақұттан аумап қалды. Қосакталып, жұп құраған бақалар тынымсыз «ән» салды. Айдын көктем түсіне боялып, жәндік үніне толды.

Лаужуан көлге түсе сала, көрші ауылдағы үйрекші қарт Уаң түмен жүздесуді ойлады. Бірақ біраз күнге дейін онымен кездесе алмады.

Қайсыбір күні көрші жақтан үйрек бакқан қыз көрінді. Өңі үйрек жұмыртқасына ұқсайтын бойжеткеннің көзі қарақаттай екен. Балықшылар әнін сызылта салғанда, су бетіне жақұт моншақтар төгіліп тұрғандай болды.

Екі топ үйрек үйірі жақын келіп, жанаса берген тұста, қайық үстіндегі қыз тіл қатты.

– Ата, сіз қай кенттенсіз?
– Ху Дүнли кентінен, – деді Лаужуан барылдап. – Өзіңші, қызым?

– Мен Хуши қыстағынанмын.
– Лау Уаң көрінбейді ғой?..
– Ол кісі картайды... демальсықа шыққан.
Қыз бамбук сырығын көтеріп, бар күшімен итеріп қалғанда, астындағы қайығы бағытын шұғыл өзгертіп, үйректері жапырыла бұрылды.

– Сау болыңыз, ата!
Олар осылай танысқан еді.

Қайсы күні Лаужуан мен қыз тағы кездесіп қалды. Бір-екі ауыз жай әңгімеден соң бойжеткен:

– Ата, сіздердің кентте Ли Лаужуан деген адам бар ма? – деп сұрады ықыласпен.

Елең еткен Лаужуан:

– Бар. Оны қайтейін деп ең? – деді қайыра сұрақ тастап.

Жүзі лып етіп қызарған қыз, үстінгі ернімен астыңғы ернін жымқырып тұрып: – Жай. Өзіңше сұрағаным ғой, – деді. – Өзін жай сұрамаған шығарсың? – деді Лаужуан көзбен баға, құлағын тігіп. – Ол отбасының адамдары қалай өзі? – деді қыз артыңша. – Жіп тағу қиын. – Естуімше, Ли Лаужуанның қолы таза емес екен. Біраз жылдың алдында кенттің үйрегін ұрлап, ұсталыпқалыпты да, көлдің шығыс жағындағы сегіз кенттің көшелерін аралатыпты.

– Аралатқан, – деді Ли Лаужуан қайығын бұрып, үйректерін қуып кетіп бара жатып.

Қыз қозғаған жай Ли Лаужуанның ескі жарасын ондырмай-ақ тырнап кетті. «Төрттік төбе»*** дәурендеген сол бір жылдары жоғарыдан «жекенің үйрек бағуына болмайды» деген бұйрық түсіп, Ли Лаужуанның үйіндегі он неше бас үйрек ұжымшар тарапынан «комналанып», қарттың жүрегін қатты сыздатқаны рас еді. Отбасының күндік шай-тұзы сол үйректердің мойнында ғой, қайтсін енді! Ол кезде кенттегі бар шаруа ас ішіп, аяқ бостуды ғана білетін бір кісінің

көметін де, сонан соң, бал татыған «атаның» астына алатын. Лаужуан сырттай ештеңе білдірмегенмен, іштей «сазан балықтың уылдырығына ұқсаған түрін құрсын, өзі сөйлеп, өзі күледі... тегі жетіскен неме емес» деп янаттайтын.

Көзді ашып-жұмғанша көктем өтті де, жаз келді. Көл бетін енді басқа бір түс көмкерді. Тұңғыық гүлдері шешек атып, тынық айдынды тамылжыған қош иіс кернеді. Бір күні ашық аспанды кенет қара бұлт торлады да, аяқ асты найзағай ойнап, дауылды нөсер құйып берді дейсің. Ли Лаужуан әрең дегенде үйректерін қоғамдап үлгерді, ессесіне, өзі суға тоғытылған тауықтай болды. Дауыл өткен соң, аспан айрықша ашылып, судағы шөп қияқтары ерекше көгеріп, тұңғыық гүлдерінің жапырақтары мен қамыс құрақтарына меруерттей мөлдір шық қонды. Бір копаның шетінен Лаужуан он неше бас үйрек кезіктірді. Іштей мұнын ана қыздың маңағы жел айдап әкелген үйректері екенін шамалады. «Тамаша үйректер!» деп тамсанды Лаужуан өзін тежей алмай. Қардай әппақ оншақты семіз үйректердің су бетінде кішкене қайықтай қалқи сырғыған түрлерінің

ҮЙРЕК БАҒУШЫ

қолында болатын. «Комналанған» үйректер оны мен ұраншыл серіктерінің бір кешкі асынан аспайтыны анық-ты. Соған дейін қой аузынан шөп алмай келген Лаужуанды шайтан түртті. Үндеместі ашу қысса, ызасын ішіне жұтып, ақымақ істерге ойланбай барады екен. Түнделетіп барып үйректерінен қалған екеуін жана қармаған сәтте, соры қайнағаны сол шығар, түнгі шарлауда жүрген жасақшылар тарапынан қолға түсіп қалды.

Бастық оны ұрған жоқ, ұрысқан жоқ, екі үйректі аяғынан қосақтап байлады да, мойнына асып, көлдің шығысындағы сегіз кенттің бірін қалдырмай аралатып шықты. Бастықтың өзі жол бастады, бір адам жез барабан соқты, тағы екі жасақ мылтықпен айдап отырды. Маймыл ойнатқандай, ауылдағы адамдарды түгел шақырып әкеліп, көрсетті. Соның салдарынан Лаужуан асылып өлуге аз-ақ қалды.

Қыздың өткен істі есіне салуы Лаужуанның іш құстасын қозғап қана қойған жоқ, содан былай оны жек көруге себеп болды. Кезігуден жалтарып, қашкалақтап жүрді. Дегенмен, жүздеспей де қала алмады, ұшырасқанда сүлесөк тіл қатып, немкетті сөйлеп жүрді. Қыз сол баяғысындай қызғын, ашық еді. Жолыққан сайын әуелі күлкінің күміс сыңғырына

өзі-ақ көз тойғандай еді. Лаужуанның есіне кенет Хуши ауылындағы өндіріс техникалар тобында жұмыс істейтін ұлының жақында астана жақтан үйректің жана тұқымын әкелгендері туралы әңгімесі түсіп, дәу де болса, осылар болар деп топшылады. Ойлана жүріп бөтен үйректерді айдап, өз үйіріне қосты.

Ертесі күні Лаужуан көлге шыға сала көрші қыстақтың үйрекші қызымен кездесіп қалды.

– Ата, он неше бас үйрек көрдіңіз бе? Кешегі дауыл менің үйректерімнің ту-талақайын шығарды. Үйге барып санасам, он төрті жоқ болып шықты. Оның бәрі ауылымызға енді әкелген жана тұқым еді... соны ойлап, түнімен кірпік ілмедім.

– Қызым, дәл басып сұрадың. – Қыздың уайымдап тұрған түрін көрген Лаужуан неше күннің алдындағы ренішін ұмытып, қолымен нұсқап, үйректерді көрсетті. – Өне тұрған жоқ па! Бірі де кем емес, бәрі менде...

– Рахмет, ата! Мен барып үйректерді айдап келейін.

– Мен айдайын. – Ли Лаужуан бамбук сырығын бұлғап, әппақ үйректерді өз үйірінен бөліп шығарды. Қыз «гу-гу» деп шақырып еді, ақ үйректер түгел жүзіп, өз үйіріне барып қосылды.



Новелла

Жарық өшті...

Кешелі бері аты шулы сұрапыл Тайфун дауылынан барлық үй теңселіп тұрды. Мен көрпемді қымтана жамылып, теңселіп жатып өлімді көз алдыма елестеттім.

Алып дауыл теңіз жағалауындағы қалаларда жиі соғады. Осындай сұрапыл дауыл соққан кезде көңілім қатты құлазиды. Дәл осы уақытта жанымда біреу болса, мені сүйіп, құшақтап, қатты қобалжығанымды өз денесінің жылуымен басар еді деп ойлаймын.

Қала бос қалды. Сондықтан, сұрапыл дауыл өз-өзін ұстай алмай дір-дір етіп, бүкіл қаланы шарлады.

Бүгінге белгіленген ең соңғы емтихан кейінге қалдырылды. Мен күні бойы үйде болып, үзіліссіз

желісіндегі ғашығыммен күні бұрын кездесуге уәделесіп қойғаным.

Жарық әлі жоқ.

Компьютер тас-түнек қараңғыдан маған тым-тырыс қарайды. Ақырын барып пернетақтасын ұстасам, мұздағаны соншалық қолымды қарып жіберді. Қарғыс атқыр дауыл. Мен жаңадан алған балауыз шамымды жактым. Бір тылсым сағыныш

Тан Шау Ляң, Қытай жазушысы

ҚАЛА мен ҚАСІРЕТ



жазу жазып, тоқтаусыз су іштім. Терезеден даланың күңіренген кейіпін көруге болатын. Ағаштардың көбі жерге құлап, жолды бөгеп қалыпты. Айнала сүреңсіз күйде. Мені мазалаған жағдай – интернет

кенеттен сұрапыл дауылға ұқсас бойымды жаулап алды. Адам үнемі осылай шарасыз күйде қалады екен. Жұрт үнемі бәрін өзіне бағындырдық деп ойлайды. Алайда адамның өзін бағындырып жатады. Мен жалаңаяқ

Мен де мүмкін солардың арасындағы біреуі болармын?..

Адамдар үнемі өзінің ақыл-ой парасатымен өзі сүйетін және өзін сүйетін адамдарды таңдай алады. Шын мәнінде, ол – тек өз-өзін алдау. Немесе олар өзі сүйген адаммымен бірге болып, өз кесірінен болған теңсіздікке үнсіз төзеді. Немесе өзін сүйетін адамдармен бірге болып, сол адамға өзі сүйген адамға деген сағынышының азабын мойнына артады.

Қатыгез махаббат-ай! Егер де ол адам сені сүймесе, онда ондай махаббат өте аянышты. Адамзаттың осындай амалсыз махаббатқа жаны жақын. Әйел адам өмірінде екі ер адамға кездеседі: біреуі – жылатады, біреуі – жан-тәнімен сүйеді. Махаббат әрқашан жауапты бола бермейді. Адамзат осындай азапты ғасырлар бойы басынан кешеді.

Сүйіп, азапталып көрген адам ғана өзінің әлсіз сезімін қорғадың амалын табады. Ал бұл болса жана махаббат отының тұтауын тоқтатады. Шамның жарығы бірте-бірте өшті. Мен оны сағынып, қайтадан көңілім құлазыған күйге түстім.

**Қытай тілінен аударған
Нұрхалық ӘБДІРАҚЫН**

– Ата, біздің бірге үйрек бағып жүргенімізге жарты жылдан асты, мен әлі сіздің аты-жөніңізді білмеймін. – Қайығын Лаужуанның қайығына тақау әкелген бойжеткен ән салғандай өсем үнмен осылай деді.

– Тегім – Ли, атым – Лаужуан!
– О, онда сіз Уилиіннің, Ли Уилиіннің... жоқ, Ли инженердің...

– Дұрыс. Ли Уилиіннің әкесімін – деді Лаужуан сакалы тікірейе, ішіндегі ашуын шығарғысы келгендей дік-дік сөйлеп. – Әлгі үйрек ұрлағаны үшін ауыл-ауылды аралаған Ли Лаужуан мен болам.

Қыздың тағы бір рет таңғалыстан үні шығып кетті. Көзі өрік дәніндей дөңгеленіп, алаулаған жүзі нарт қызыл тұңғыық гүліне ұқсап қалды.

– Ата, көп-көп рахмет!!! – Лаужуанға асығыс иіліп тағзым жасаған қыз қайығын бұра сала, үйректерін айдап, үн-түңсіз тайып тұрды.

– Қызым, сен біздің Уилиінді танысың ба? Оған менің сөзімді жеткізе саласың ба... үйге қайтканда, үйректің жана тұқымынан ала келсің! – деп дауыстады Ли Лаужуан артынан.

Араларын бір копа қамыс бүркеді. Ли Лаужуан терең күрсінді. Өзін жеңілдеп қалғандай сезінді. Артынан өзіне-өзі күбір етіп: Бұл қыздың өн-түсі жаман емес екен. Тәлімі де жақсы. «Тұнық көлдің бойынан сұлу шығар» деген, сірә, бос сөз болмаса керек, деп қойды..

* *Қытайдағы саяси науқан.*

** *көлде өсетін әдемі гүл.*

*** *Маоның әйелі бастаған саяси бүлікшілер*

**Қытай тілінен аударған
Серік НҰҒЫМАН**

Тіл – түйін

Еуропалық империалистер жаңа жерлерді отарлау арқылы кәрі құрлықтағы мемлекеттердің саяси және экономикалық күшін еселеп, әлемде үстемдік құруды көздеді. Олар отарлауда саяси және экономикалық мақсатты көздеп қана қоймай, тілдік және идеологиялық жаулауға мән берді. Өйткені басқа халықтарды әскери күш арқылы жаныштап басқару, бодандықта ұстау жеткіліксіз еді. Тілдік және идеологиялық жаулау Америка, Аустралия мен Африкадағы халықтарды ғасырлар бойы тәуелді етудің тиімді құралы болды.

Зерттеуші Калвет тілдік отарлаудың екі түрін бөліп қарастырады. Ғалымның мақсаты — отарлаушы күштер тілді қалай жүйелеп іске асыруын анықтау. Біріншісі — вертикальды лингвистикалық отарлау. Яғни отарлаушы халық тілінің алғашқыда бодан халықтың жоғарғы табы арасында және кейін төменгі таптардың арасында әлеуметтік таралуын қамтамасыз етеді. Отарлаушылар бодан елді отарлаушы елдің тілінде сөйлеуін және оның мәдениетін қабылдауын үлгі ету арқылы жаңа саяси-әлеуметтік иерархия қалыптастырды. Екіншісі — горизонтальды лингвистикалық отарлау. Яғни жаулаушы ел тілін бодан халықтың ірі қалаларынан кіші қалаларына және ауылдарға географиялық таралу жоспарын жүзеге асыруды қолға алады. Осылайша, бодандаушылар отарлаушы елдің тілін

сай анықтама берген. Ғалым былай деген: «Мәнгүрттік пен көзқамандық — бір-бірінен айырмасы үлкен. Екі түрлі құбылыс... Мәнгүрттер — есінен айырылған міскіндер болса, Көзқамандар — елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер». Бұл жолдар автордың «Байқалдан Балқанға дейін» еңбегінде жазылған. Сонымен, Көзқаман кім? Ол — «Манас жырындағы» кейіпкерлердің бірі. Онда «Бір қырғын соғыста Манастың әкесі — Жақыптың ағасы Үсен қалмақтар қолына түседі. Үсен барған жерінде қалмақ әйеліне үйленіп, алты бала сүйеді. Балаларының тілі қалмақша шығады, тұрмысы, салты — бәрі де басқаша болып тәрбиеленеді. Міне, осы жағдайды Қанғайдың билеушісі Есен хан пайдаланып, «көзқамандар» атанып кеткен Үсен балаларын жансыз етіп жіберіп, қырғыз мемлекетін іштен ірітпек болады. Есен хан Манасты ашық шайқаста жеңе алмайтынын білген соң, қырғызды қырғызға қарсы қойып, арам тәсіл қолданады», — деп қорытынды жасаған. Осы арқылы ғалым «Іштен шыққан жау жаман» дегенді ескертеді.

Екіншіден, лингвистикалық отарлау көптеген тілдердің әлсіреуіне, кейде, тіпті жойылуына алып келді. Мысалы, Оңтүстік Америкада Уругвай секілді елдерде кейбір тайпаларды жаппай қырудың нәтижесінде сол халықтардың тілі де жойылып кетті. Ал Бразилия, Чили және Аргентина секілді елдерде тайпалардың жартылай қырылуына байланысты олардың тілі қатты әлсіреді. Кейбір ғалымдардың зерттеуінше, бодан халықтардың тілі адамдардың «Бір тілден екінші тілге ауысу» нәтижесінде әлсіреп, жойылып отырды. Яғни, жергілікті халық өз тілі мен мәдениетінен бас тартып, отарлаушының тілі мен мәдениетін

RYHANIAT

E-mail: jas_gazag@mail.ru

www.jasgazaq.kz



Бесіншіден, отарлау нәтижесінде қалыптасқан тілдік иерархия отарлаушы ел тілі мен жергілікті тілдердің бір-біріне ықпал етуіне жағдай жасады. Зерттеу көрсеткендей, африкалық тілдер француз және ағылшын тілдерінен көптеген сөздерді өз сөздік қорына қабылдаған. Әсіресе технология, білім, спорт, ойын-сауық, әкімшілік басқару салаларында. Ал француз және ағылшын тілдері бодан халық тілдерінен аз ғана сөзді қабылдаған екен. Тілдің отарлану жағдайында боданшы тілінің сөздік қоры бодан болған елдің зиялы қаламгер, ғалымдарының белсенді болуының арқасында күшейе түседі. Қарапайым бодан халық зиялыларына еліктеп, өз тілін менсінбей, сөздік қорын азайтып, боданшы тілінің тілдік қазынасын байыта түседі. Нәтижесінде өздерін психологиялық бұғау арқылы қалайша өздерін кемсітуге үлес қосқандарын да білмей қалып, біртіндеп өзге елдің боданы болып қала береді. Сондықтан тілдер айкасы,

сананың айкасы болып табылады. Қазіргі кезде Франция, Қытай және Ресей сияқты елдер өздерінің бірыңғай ұлттық тілін ағылшын тілінің ықпалында әлсіреп кетпеуіне алаңдап, кейде ашық, кейде жасырын жоспар жасап, сақтану амалдарын қарастырып келеді.

Отарлаушы елдердің тағы бір әдісі — өз тілін мектептерде, университеттерде, шіркеуде кеңінен таратуға барынша жағдай жасау.



Олардың шынайы мақсаты — жергілікті бодан халықты ағарту емес, өздерінің мүдделеріне жұмыс істейтін сауатты адамдарды дайындау, отарлауды солардың қолдауына сүйене отырып, жалғастыру. Олар өздері басқаратын мектеп пен жоғары оқу орындарда ұлттық санадан жұрдай кәсіптік маман даярлауды экономикалық пайда табу мақсатқа жұмсамайды. Мұндай жоба-жоспарда санасыздандыру, ұлтсыздандыру арқылы жастарға дүниеуи құмарлықты, сән қууды, жылытыр дүниеге әуестігін арттыруға күш жұмсалды.

Тілдік империализм бұрынғы отарлар өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін де жалғасып жатты. Мәселен, ағылшын немесе француз тілін таратуды көздейтін көптеген ұйымдар мен дамыған мемлекеттердің бағдарламалары бар. Ондағы мақсат — ағылшын тілінің қоғамдық қолдану аясын кеңейтіп, әрбір азаматтың психологиясын өздеріне ыңғайлатып қалыптастыру. Сол арқылы өз мәдени құндылықтарын да отарлаушы азаматтардың бойына сіңіру. Сол себепті, ел тағдырын ойланатын елдердің саяси билігі ағылшын тіліне технология мен жалпы ғылыми салаларда кең қазынаға қол жеткізе алатын керекті құрал ретінде қарап, өздерінің мемлекеттік тілін таптатауға тырысып келеді.

Қорыта айтқанда: тілдік отарлау салдарынан Америкада, Аустралия мен Африкада, Сібірде көптеген жергілікті тіл жойылып кетті. Ал кейбірі жойылып кету алдында тұр. Болжам бойынша, алдағы 20-30 жылда бірнеше жүз тіл жер бетінен жойылады. Өйткені сол тілде сөйлейтін адам болмайды. Тілдің отарлануы — бір елдің ұлттық болмысын жойып жіберудің басты құралы іспеттес. Себебі тіл, әр ұлттық біркелкі психологиясын қалыптастыру арқылы оның бірлік пен ынтымақты болуын қамтамасыз етеді.

Ислам ЖЕМЕНЕЙ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор



бодан елдің білім жүйесіне жаппай ендіру арқылы жергілікті халыққа жат құндылықтарды сіндіруге талпынды.

Тілдік отарлауда колонизаторлар бірнеше тәсілді қолданды. Сондай-ақ олар түрлі лингвистикалық өзгерістерге мұрындық болды. Мәселен, олар біріншіден, барынша тартымды ету мақсатында әкімшілік басқаруда және саудада отарлаушының тіліне басымдық берді. Билікке араласамын, бизнес жасаймын деген бодан халық өкіліне отарлаушының тілін білу міндетті болды. Дегенмен, бұл тәжірибені әр отарлаушы әрқалай қолданды. Мәселен, Франция Африкадағы отарлар елдерде француз тілінің қолдануға қатты мән берді. Ал Ұлыбритания жергілікті халық арасында қай тіл басылымға ие болса, сол тілге қолдау білдіру арқылы лингвистикалық отарлауды жүргізді. Ағылшындардың «бөліп ал да, билей бер» деген бұл саясаты ағылшын тілінің үстемдігіне жағдай жасады. Нәтижесінде африкалық жергілікті тілдердің барлығы күнделікті өмірде керексіз, екінші сортты тілге айналды. Мәдениетте «еуропалық» және «еуропалық емес» деген идеологиялық деңгейде бөлініс пайда болды. Адамзат тарихындағы отарлау саясаты тек әскери жолмен іске аспай, мәдени шаралар арқылы да жүзеге асты. Соның айқын фактісі ретінде ежелгі түрік пен қытай арасындағы тарихи-саяси және тарихи мәдени қарым-қатынастарынан мол мысал келтіруге болады. Мәселен, қытай билігі түрік қағандарын бұғаттау үшін өздерінің ең беделді, көкірегі ояу, ұлттық мүддесіне қызмет жасай алатын санаға ие ару-ханшайымдарын түрік қағандарына тұрмысқа беріп отырған. Сол арқылы оның санасын ұлтсыздандырып, ассимиляцияға ұшыратып отыру дағдыға айналған. Олар осы саясат арқылы талай түрік тайпасын қытайландырып жіберді.

Тілдің бір елге қастандық жасауы, қалмақ пен қырғыз арасындағы жауластық «Манас жырында» көрініс тапқан. Соның бір өрнегі — Көзқаман қырғыз ханзадасы. Көзқаман туралы тұңғыш рет қазақтың қайраткер ғалымы Рахманқұл Бердібай ұлттық мүддеге

қабылдау арқылы ана тілі рөлінің төмендеуіне үлес қосты. Бұл процесті ғалымдар «тілдің өлімі», «лингвистикалық геноцид» немесе «лингвоцид» деп те атайды. Осы тұста ескертетін жайт, біздің пайымдауымызша, тілдің қолданылу аясына байланысты қарастырғанда кез келген елдің тілі 4 сатыға бөлінеді. Олар:

1. Халықаралық тіл. Ағылшын тілі — дүниежүзіндегі ондаған елдердің саясат, экономика, өнер-мәдениет және техника саласында қолданыста жүрген жалғыз тіл.

2. Мемлекеттік стандарт тіл — бір мемлекеттің саясат, экономика, өнер-мәдениет және техника саласында қолданылатын тілі.

3. Ұлттық тіл. Бір ұлт өкілдері өздерінің ана тілінде толықтай сөйлей алады. Бірақ мемлекеттік маңызды саясат, экономика, өнер-мәдениет және техника салаларында қолданыста жоқ.

4. Аймақтық және дастархан тілі. Бұл бір ұлт өкілдері өз ана тілінде толықтай сөйлей алмайды.

Осы аталған төрт сатылық тілдердің пайда болу саясаты көбінесе тілдердің отарлану тағдырымен тікелей байланысы бар.

Үшіншіден, отарлау мен құл саудасы жаңа тілдердің пайда болуына жағдай жасады. Оңтүстік Америка, Кариб аралдары және Аустралиядағы еуропалық плантацияларда креол тілдері пайда болды. Бұл тілдер еуропалық жалдамалы жұмысшылар мен құлдардың, еуропалық саудагерлер мен жергілікті тайпалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы нәтижесінде пайда болған тілдер.

Төртіншіден, тілдік отарлау саясаты жергілікті тілдердің арақатынасына да әсер етті. XX ғасырдың басында Бельгия мен Ұлыбритания бодан халықтардың өз ана тілінде білім алуын және оны төменгі деңгейдегі әкімшілік басқаруда қолдануын қолдады. Бірақ жалпы отарлау саясатын іске асырғанда, елде қай тіл басым болса, соған басымдық берді. Өйткені бұл саясат бодан халықты басқаруды жеңілдетті. Мәселен, Нигерияда — хауса, Шығыс Африкада суахили тілі отарлаушылар тарапынан қолдауға ие болды.

Хат қоржынынан

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ҰЛТЫМЫЗДЫҢ тарихына терең үңіліп, рухани құндылықтарымызды ұрпаққа жеткізіп, әлемге танытуға мүмкіндік береді.

Ең алғаш төрт түлік мал казак жерінде мекен еткен. Оны бабаларымыз ең алғаш болып қолға үйреткен. Өйткені қойдың арғы тегі — құлжа, ешкінің арғы тегі — тау ешкі, жылқының арғы тегі — құлан. Бұлар әлі де казак мекен еткен жерде тіршілік етеді. Сиыр мен түйе момын болғандықтан, жалпы беттік қолға үйретілді. Содан төрт түлік малды Ресей арқылы Еуропаға, шығысы Қытай еліне, оңтүстігі парсы еліне айырбас арқылы саудалап отырған. Бұл үрліс XVIII ғасырға дейін жалғасқан. Олар шаруашылық өнімділігін жоғарылату үшін тұқымын асылдандырып отырған. Ал казак малының көбі бүгінгі күнге дейін еш өзгеріссіз жетті. Сондықтан, олардың еті дәмді әрі ыстық пен суыққа төзімді келеді.

Әлемде ең алғаш жылқыны бабаларымыз қолға үйретіп мінгеніне 5000 жылдан асты. Жылқыны мінген және елін-жерін қорғаған. Сол себепті бүгінге дейін казак халқы жылқы малын ерекше қастерлейді. Халқымыздың домбыраны музыка аспабы ретінде пайдаланғанына 4000 жыл болған. Оны тарихшы, публицист Жағда Бабалық тас бетіне түскен үкілі домбыра суретін тауып алып, таң қалып, оны шетел археолог ғалымдарына зерттеткенде білген. Қазір мұражайда тұр. Бабаларымыз темір мен мыс қорытып, оны өңдеумен айналысқанына

АЛТЫ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ

5-6 мың жыл болыпты. Оны бүгінгі казак жерінен табылған қазба заттардан білуге болады. Міне, осы дерек-дәйектерге сүйене келе, казак халқының 6000 жылдық мәдениеті бар деп айтуға болады.

Казак хандығы туралы тарихи фильм түсірілді. Тарихымызды тануға, береке-біріліміздің мықты әрі батыр халық екендігін көрсетті. Еуразиялық одақ ұйымын кейбіреулер Ресеймен бірігу деп түсінеді. Бұл қате пікір. Тарихта одақтас болған мемлекеттер сыртқы жауына күш біріктіріп, қарсы тұрған. Бейбіт заманда сауда қарым-қатынас жасап, бірін-бірі толықтырып, өркендеп дамып отырған.

Кейбір мемлекеттердің территориясы бір нәрсеге ұқсап кетеді. Мысалы, Италияның территориясын етікке ұқсатады. Сол сияқты біз Қазақстанның территориясын «Алтын балыққа» ұқсатамыз. Көзі Өскемен жақ болса, жүрегі Астанаға тура келіп тұр. Арал теңізі уылдырық себетін тұсына жақын. Балқаш көлі желбезекке ұқсайды. Дегенмен, казак елінің әрбір жері біз үшін қасиетті.

Ендігі мақсатымыз — латын графикасын тілімізге негіздеп таңбалап алсақ, елдігіміздің бір шаруасы аяқтар еді. Әсілі, латын қарпін казак тілінің үндестік заңдылығына негізделіп, ғылыми тұрғыда таңбалау дұрыс болар еді. Біз болашағымыздың нұрлы болатынына сенеміз! Халқымыздың әл-ауқаты, береке-бірілігі арта берсін!

Озат МҰРАТ,
тұрақты оқырман

— деп көмек сұрайды. Сонда Жолдасбек:

— Төке, сіз біздің бойымыз жетпеген жерге көмектесіп едіңіз. Ал біз сіздің ойыңыз жетпеген жерге көмек беруге әрқашанда әзірміз, — деген екен.

АСЫА ӨНЕР



«Мен қазақ қыздарына қайран қалам». Бұл – ақын Исрайыл Сапарбайдың қайсар қазақ қыздарына арнап жазған жыры.

Шабандоз қыз

Жасыратыны жоқ, қазақ қыздарының қайсарлығына тамсанып, тандай қақтау мүмкін емес. Мәселен, бұрын «Ат құлағында ойнаған» — деген теңеуді шабандоз жігіттерге ғана қаратып айтатын едік. Қазір бұл теңеу қарақөз аруларға да арналып айтыла бастады. Өйткені, арғымақ жаратып, аламанда атой салып жүрген тұлғамдыларымыз аз емес. Соның



бірі Жайық жағасындағы шабандоз қыз — Әйгерім Ғұмарова. Әйгерім жастайынан ат мініп, бөйгеге шабады. Ол қазір «Хантөре» деген арғымағымен ел көлемінде өтіп жатқан додаларда топ жарып жүр.



Жайықтың қыздары бөйгеге шапса, күнгейдің келіншектері көкпар тартады.

Көкпаршы келіншек

Созақтың тумасы Адолат Әлтешова көкпар тартып, қыз қууға қатысып жүрген Қаратаудың мақтанышы. Адолаттың айтуынша, әкесі жүйрік ат баптап, бөйгеге қосатын мықты бапкер болыпты. Ал анасы атқа мініп көкпар тартқан көрінеді. Жас келіншектің атқа деген құмарлығы сол әке-шеше қанымен берілсе керек. Қазір Адолат та көкпаршы. Ер-жігіттермен бірге додаға түсе береді. Бірақ біреудің тақымындағы көкпарын тартып алмайды. Оған көкпарды



басқалар өңгеріп береді. Адолаттың міндеті серкені алып қашып, ауылға жеткізу.



Ықшамдау

Бойымен де, ойымен де жұрт көзіне бірден түсетін газет тілшісі Төреғали Тәшен көлемді мақаласын алып, нөмірдің материалдарын жоспарлап отырған бас редактордың бірінші орынбасары Әділбек Кабанын бөлмесіне кіреді. Мақаланың көлемді екенін көрген Әдекен:

— Оу, Төке, «мақаланы ықшамдап жазыңдар» деп қанша айтсақ та тындамайсыңдар. Мынаны қайда сыйдырамын? — дейді басы қатып.

— Енді қысқа-нұсқа ақпарат жазатын Жолдасбек Дуанабайдан үйрене алмай-ақ қойдык, — деп күрсінген Төреғалидың көңілін ауламақ болған Жолдасбек Әділбек Кабаға:

— Әркім өзінің бойына қарап жазуы керек қой, — депті.


Ермахан ШАЙХЫҰЛЫНЫҢ «Атақты айтқыштар» кітабынан

Тас көтерген алыптар

Балуандық өнер мен ерөн күш көбінесе бір адамның үлесіне тигіп, қатар жүреді. Қазақ халқының арасында зор күшімен танылған адамдар өте көп болған. Олар туралы әңгіме халық арасында аңыз болып тарады. Сондықтан балуандық өнермен қоса, ерөн күшке ие адамдар туралы деректерді қоса беруді жөн көрдік.

Мысалы, Балуан Шолақ көтерген 51 пұт гір тасының салмағы 816 келі болса, Баянауылда Субек ұстаның құрметіне Қажымұқан көтеріп әкеліп қойған тас бір тоннадан кем емес. Аға сұлтан Құнанбайдың ұлы Оспанның көтерген тасы Абай ауданындағы Доғалаң тауының ішінде қасқайып тұр. Ол да алып тас.

Грек-рим күресінен Кенес одағының 7 дүркін чемпионы, Әлем және Азия чемпионы, халықаралық жарыстардың жеңімпазы, балуан



Дәулет Тұрлыхановтың арғы атасы Қасен қажы орасан зор күш иесі болған. Ол кісі өзінің қыстауына белгі ретінде көтеріп әкеліп қойған тасын қазір төрт-бес жігіт жабылып әрең көтереді.

Елемес ӘЛІМХАНОВТЫҢ «Қазақтың балуандық өнері» кітабынан

БАСПАСӨЗ – 2019



jasqazaq.kz

JAS QAZAQ

Жазылу
индексі
65032



Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2143; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.